

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

5B030300 - Құқық қорғау қызметі
мамандығы бойынша

**«КРКК 1204 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫ»
пәні бойынша**

ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Кредит көлемі 2

Астана, 2016

АЛҒЫ СӨЗ

- 1.** Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жоғары оқу орындарымен әзірленген және ұсынылған

- 2.** Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрінің 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 78 бұйрығымен бекітілген және қолданысқа енгізілген

- 3.** Алғаш енгізілген

- 4.** Үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» қауылысына және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 58 «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының үлгі оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес әзірленген.

Түсіндірме жазба

Құқық қорғау органдары жүйесіндегі жоғары оқу орындарындағы «Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы» оқу курсының басқа жоғары заң оқу орындарына қарағанда бірқатар өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл мемлекеттік органдардың заңдылықты сақтау, қоғамдық тәртіпті нығайту, азаматтардың заңды мүдделері мен құқықтарын қорғау бойынша қызметімен, ішкі істер органдарының қос бағыныштылығымен байланысты және Қазақстан Республикасы ПМ-нің жоғары оқу орындарын бітірушілердің тәжірибелік жұмысында зор маңызы бар арнайы мәселелерді оқып білу қажеттілігінен туындаған.

Атқарушы билік органдарын, әкімдер аппараттарын және мәслихаттарды қарастырғанда Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы және Қазақстан Республикасы ПМ-нің басқару негіздері курстарының құрылыс ерекшеліктері ескеріледі. Сол себепті бұл органдар аппаратының құрылымы мен жұмыс тәртібі конституциялық құқық курсында жан-жақты қарастырылмайды.

Қазақстан Республикасының конституциялық құқық ғылымы өзге қоғамдық және заң ғылымдары арасында жетекші рөлді атқарады және негіз қалаушы орынды иемденеді. Конституциялық құқық ғылымының пәніне қазақстандық конституционализмнің теориялық-әдістемелік мәселелері, Қазақстан Республикасының конституциялық даму тарихы, конституциялық заңнамасы дамуының негізгі тенденциялары және заңдылықтары, конституциялық-құқықтық нормалар және институттар, сонымен қатар конституциялық-құқықтық қатынастар жатады.

Қазақстанның конституциялық құқық тарихын шартты түрде екі кезеңге бөлуге болады: 1. Кеңестік кезең. Аталмыш кезеңде конституциялық-құқықтық ғылым марксистік-лениндік идеология негізінде дамыды. Сонымен қатар, ғылыми зерттеулердегі партиялық және таптық қағидалардың басымдығына қарамастан, қазақстандық көрнекті ғалымдардың (С.З.Зиманов, М.Т.Баймаханов, Ғ.С.Сапарғалиев, В.А.Ким және т.б.) конституциялық құқық бойынша іргелі жұмыстары шығарылды. 2. Конституциялық құқықтың қазақстандық ғылымы дамуының қазіргі кезеңі біздің еліміздің өз тәуелсіздігін алу кезінен басталады. Оның қалыптасуына және дамуына конституциялық құқық бойынша монографиялық еңбектерін, оқулықтарын, Қазақстан Республикасы Конституциясының түсініктемелерін басып шығарған Қазақстан ғалымдары, конституциялық құқық мамандары өздерінің үлкен үлестерін қосты және қосу үстінде.

Пәннің мазмұны

Кіріспе

«Қазақстан Республикасы конституциялық құқығы» пәнінің зерттеу объектісі – конституциялық-құқықтық реттеуге жататын қоғамдық қатынастардың аясы, конституциялық нормалар, институттар және қатынастар. Қазақстан Республикасының конституциялық даму тарихы, мемлекеттік конституциялық құрылыс негіздері, жеке адамның құқықтық жағдайы, мемлекеттік органдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құқықтық мәртебесі, сонымен қатар Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы саласының және ғылымның негізгі даму тенденциялары болып табылады.

Қазақстан Республикасы конституциялық құқығының пәні – бұл конституциялық құқықтың ұғымы, тақырыбы, әдістері, принциптері; Қазақстан Республикасы конституциялық құқығының тарихи даму кезеңдері; конституциялық құқықтың қайнар көздері; Қазақстан Республикасы ұлттық құқық жүйесінің негізі ретіндегі конституциялық құқық; қоғамдық қатынастарды реттеудегі конституциялық құқықтың негізгі рөлі; адам және азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтарының басымдылығы мен мызғымастығы; Қазақстан Республикасы мемлекеттік биліктің тармақтарға бөліну принципіннің жүзеге асырылуы; халық – мемлекеттік биліктің қайнар көзі; ұлттық және халықтық егемендіктің ара қатынасы; мемлекеттік билік органдарының жүйесі; Қазақстан Республикасы Президенті; қазақстандық парламентаризм; Қазақстан Республикасы Үкіметі; Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесі; жергілікті мемлекеттік органдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдары; Қазақстан Республикасы сайлау жүйесі; Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі ережелері, оның мәтініне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар.

Пәнді зерттеу әдістері: конституциялық құқықтық нормаларды және институттарды, конституциялық-құқықтық қатынастарды, Қазақстан Республикасының конституциялық даму тарихын, демократиялық, құқықтық мемлекетті қалыптастыру жағдайындағы конституциялық заңнаманы жетілдірудің негізгі тенденцияларын зерттейтін диалектикалық, формальды-логикалық, тарихи және салыстырмалы зерттеу әдістері. Диалектикалық әдіс курсанттарға конституциялық-құқықтық құбылыстарды және категорияларды қозғалыста, саяси, әлеуметтік және қоғамдағы өзге процестермен байланыста қарастыруға жәрдемдеседі. Формальды-логикалық әдістің негізінде конституциялық-құқықтық шындық жекеден-жалпыға, жалпыдан-жекеге жолымен танылады. Тарихи әдістің көмегімен Қазақстан Республикасының конституциялық-құқықтық институттарының тарихи дамуы зерттеледі. Конституциялық құқықтың маңызды әдісі салыстырмалы әдіс болып табылады, ол арқылы Қазақстан Республикасының және шет ел мемлекеттерінің конституциялық-құқықтық институттарына салыстырмалы зерттеу жүргізіледі.

Берілген курстың негізгі мақсаттары: біріншіден, курсанттардың ұғымдарды, құқықтық категорияларды, терминдерді ұғынуы; олардың

санасында конституциялық құқықтың елдің ұлттық құқық жүйесіндегі негізгі рөлі туралы; демократиялық қоғам туралы; құқықтық мемлекет, оның органдары мен институттары туралы; адам және азаматтың құқықтық мәртебесі туралы ғылыми көзқарастарды қалыптастыру; құқықтық мемлекет туралы, Қазақстан Республикасындағы қоғам құрылысының негіздері туралы, конституциялық заңдылық талаптары туралы, адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудегі, конституциялық құрылысты сақтау мен қорғаудағы ішкі істер қызметкерлерінің рөлі туралы ғылыми көзқарастарын қалыптастыру. Екіншіден, курсанттардың конституциялық құқық ғылымының ұғымы мен дәрежесін меңгеруі; оларды әрекеттегі мемлекеттік құқықтық заңдар мен саяси процестерді дұрыс түсінуге, конституциялық құқық нормаларын түсіну және түсінік бере алуда дағдылар мен ептіліктерге, егеменді, тәуелсіз Қазақстанның құрылу заңдылықтары мен себептерін, мәнін, Қазақстан Республикасының өтпелі кезеңдегі мемлекеттік-құқықтық даму ерекшеліктерін білуге үйрету.

Қазақстан Республикасы конституциялық құқығы курсының негізгі міндеттері – бұл курсанттарды конституциялық құқық ғылымының негізгі ережелерімен, мемлекет пен қоғамның негізгі заңы ретіндегі Конституция туралы іліммен, жеке адамның құқықтық жағдайының негіздерімен, мемлекет органдарының ұйымдастырылуы мен қызметінің конституциялық принциптерімен, Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару негіздерімен таныстыру, сондай-ақ олардың тәжірибедегі қызметке дайындығы. Курсанттардың Қазақстан Республикасы конституциялық құқығының аталған маңызды мәселелерін түсінуі, олардың саясатта және мемлекеттік-құқықтық салада мемлекеттік және конституциялық-тәжірибелік мәселелерді шешулеріне ықпалын тигізеді.

Тақырыптық жоспар

- I Тарау. Қазақстан Республикасы конституциялық құқығының пәні және жүйесі
 - 1-тақырып. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы құқық саласы, ғылым және оқу пәні ретінде
 - II Тарау. Қазақстан Республикасының Конституциясы және оны қорғау механизмі
 - 2-тақырып. Қазақстан Республикасының Конституциясы және оны қорғау механизмі
 - 3-тақырып. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі
 - III Тарау. Конституциялық құрылыс негіздері
 - 4-тақырып. Қазақстан Республикасы - демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет
 - 5-тақырып. Экономикалық жүйенің конституциялық негіздері
 - 6-тақырып. Қоғамның саяси жүйесі
 - IV Тарау. Қазақстан Республикасындағы адам және азаматтың құқықтық мәртебесінің негіздері
 - 7-тақырып. Қазақстан Республикасының азаматтығы

- 8-тақырып. Жеке адам құқықтық жағдайының конституциялық негіздері. Адамның және азаматтың негізгі құқықтары, бостандықтары мен міндеттері
V Тарау. Қазақстан Республикасындағы сайлау құқығы және референдум
- 9-тақырып. Қазақстан Республикасындағы сайлау
- 10-тақырып. Республикалық референдум
- VI Тарау. Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының конституциялық жүйесі
- 11-тақырып. Қазақстан Республикасы Президентінің құқықтық жағдайы
- 12-тақырып. Депутаттардың құқықтық жағдайы
- 13-тақырып. Қазақстан Республикасы Парламентінің конституциялық-құқықтық мәртебесі
- 14-тақырып. Парламент қызметінің ұйымдастырылу түрлері
- 15-тақырып. Қазақстан Республикасының Үкіметі
- 16-тақырып. Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару
- 17-тақырып. Мемлекет механизміндегі сот органдары мен құқық қорғау органдары

Негізгі бөлім

I Тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ПӘНІ ЖӘНЕ ЖҮЙЕСІ

1-тақырып. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы құқық саласы, ғылым және оқу пәні ретінде

Конституциялық құқық ұлттық құқық саласы ретінде. Конституциялық құқық пәні және оның ерекшеліктері. Конституциялық-құқықтық реттеу әдістері.

Конституциялық құқықтың құқық жүйесіндегі орны. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылысындағы және қоғамдық қатынастарды реттеудегі конституциялық құқықтың рөлі.

Конституциялық-құқықтық нормалар: ұғымы, құрылымы, түрлері. Конституциялық-құқықтық қатынастар: ұғымы, құрылымы, мазмұны, ерекшеліктері. Конституциялық-құқықтық қатынастардың субъектілері, оларды топтау.

Қазақстан Республикасы конституциялық құқығының қайнар көздері: ұғымы, ерекшеліктері, түрлері.

Конституциялық-құқықтық институттар: ұғымы және түрлері. Қазақстан Республикасы конституциялық құқығының жүйесі.

Конституциялық құқық ғылымы және оның заң ғылымдарының жүйесіндегі орны. Конституциялық құқық ғылымының пәні, жүйесі, қайнар көздері және әдістері. Қазақстан Республикасы конституциялық құқығының құқық саласы және ғылым ретіндегі ара қатынасы. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы ғылымының қалыптасуы және дамуы.

Конституциялық құқық оқу пәні ретінде, оның ерекшеліктері, өзге пәндермен ара қатынасы. Оқу пәнінің жүйесі. Қазақстан Республикасының ведомстволық оқу орындарында Қазақстан Республикасының конституциялық құқығын оқыту міндеттері.

II Тарау. Қазақстан Республикасының Конституциясы және оны қорғау механизмі

2-тақырып. Қазақстан Республикасының Конституциясы және оны қорғау механизмі

Конституция ұғымы, мәні, оның маңызы. Конституцияның заңдық қасиеттері, ең жоғары заңдық күші. Конституцияның тікелей әрекеті.

Қазақстан Республикасы Конституциясының әлеуметтік функциялары және принциптері.

Конституцияны қабылдау, өзгерту және толықтыру тәртібі. Жекелеген конституциялық ережелер мен конституциялық заңдарды қайта қарау шаралары.

Қазақстанның конституциялық дамуының негізгі кезеңдері. 1926ж., 1937ж., 1978ж. Қазақстан Конституцияларына тән белгілер мен ерекшеліктер.

1989-1993 ж.ж. конституциялық реформалар. 25 қазан 1990 жылғы Қазақ КСР-ның мемлекеттік егемендігі туралы Декларация. 16 желтоқсан 1991 жылғы «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң. Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясы және оның тарихи маңызы.

Қазақстан Республикасындағы конституциялық реформа (наурыз-тамыз 1995 ж.), 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясын дайындау мен қабылдау ерекшеліктері.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы және оның ерекшеліктері. Конституцияның қорытынды және өтпелі ережелері, олардың мазмұны.

1998 жылғы конституциялық реформа, оның Қазақстан Республикасындағы демократизациялау процесін тереңдетудегі рөлі. 2007 жылғы конституциялық реформа. Конституциялық реформаның негізгі ережелерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында жүзеге асырылуы.

Конституцияны қорғау механизмі: ҚР Президенті – Конституция мызғымастығының кепілі, соттық қорғау, Конституцияны қорғау бойынша прокуратура қызметі, Конституцияны қорғау бойынша құқық қорғау органдарының қызметі.

3-тақырып. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі

Конституциялық бақылау ұғымы. Оның конституциялық қадағалаумен ара қатынасы. Қазақстан Республикасындағы конституциялық бақылаудың негізгі тарихи қалыптасу кезеңдері.

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің мемлекет механизміндегі орны. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі қызметінің құқықтық негіздері. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі қызметінің принциптері.

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің құрамы, оның қалыптасу тәртібі, оның мүшелерінің өкілеттік мерзімі. Конституциялық Кеңес Төрағасы мен мүшелерінің мәртебесі.

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің құзыреті. Конституциялық іс жүргізу: өтініш жасайтын субъектілер, конституциялық іс жүргізуге қатысатындар, өтінішті қарау сатылары, қарау мерзімдері, шешім қабылдау тәртібі.

Конституциялық Кеңес шешімдерінің заңдық күші. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі шешімдерінің түрлері. Конституциялық Кеңеспен шешім қабылдау салдарлары.

III Тарау. Конституциялық құрылыс негіздері

4-тақырып. Қазақстан Республикасы - демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет

Конституциялық құрылыс ұғымы, оның элементтері. Саяси жүйе. Әлеуметтік жүйе. Экономикалық жүйе.

Қазақстан Республикасы қызметінің түбегейлі принциптері (қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық; бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм және т.б.). Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік биліктің ұйымдастырылуы мен қызметінің конституциялық негіздері. Билік бөлу принципі, оның мазмұны және конституциялық бекітілуі. Мемлекеттік биліктің жүзеге асырылу түрлері. Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының өзара әрекет етуі барысында тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін қолдану.

Мемлекеттік билік. Ұғымы, мәні. Мемлекеттік биліктің негізгі мақсаттары мен міндеттері. Мемлекеттік егемендік: ұғымы, мәні, түрлері. Мемлекеттік билікті жүзеге асыру нысандары.

Демократия Қазақстан Республикасындағы саяси режим ретінде. Өкілді демократия. Өкілді және тікелей демократияның ара қатынасы.

Қазақстан Республикасының Конституциясында мемлекет нысанының негізгі элементтерінің (басқару нысаны, мемлекеттік құрылыс нысаны, саяси режим) бекітілуі. Президенттік басқару нысаны, оның мазмұны. Біртұтастық Қазақстан Республикасы мемлекеттік құрылысының нысаны ретінде, оның мазмұны.

Мемлекеттік тіл мен ресми қолданыстағы тіл. Олардың құқықтық реттелуі.

Мемлекеттің зайырлы сипаты. Мемлекет пен діни бірлестіктер арасындағы қарым-қатынастар.

Мемлекеттің әлеуметтік сипаты. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері: Елтаңба, Ту, Ән-ұран.

Халық – мемлекеттік биліктің қайнар көзі. Халықтық, ұлттық және мемлекеттік егемендіктің ара қатынасы.

5-тақырып. Экономикалық жүйенің конституциялық негіздері

Экономикалық жүйе және оның конституциялық бекітілуі. Қазақстан Республикасындағы экономикалық қатынастардың конституциялық принциптері (меншік түрлерінің теңдігі, меншік құқықтарын қорғау кепілдіктері, кәсіпкерлік қызмет еркіндігі, нарықтық экономиканың қалыптасуы және т.б.).

Меншік түрлері. Мемлекеттік меншік объектілері. Жерге жеке меншік.

Кәсіпкерлік қызмет еркіндігі. Монополистік қызметтің шектелуі. Заңды бәсеке. Кәсіпкерлік қызметті қорғау.

6-тақырып. Қоғамның саяси жүйесі

Саяси жүйе, оның элементтері, олардың конституциялық бекітілуі. Мемлекет және оның саяси жүйедегі орны.

Қазақстан Республикасындағы азаматтық қоғам қалыптасуының конституциялық негіздері. Қоғамдық бірлестіктер, олардың құқықтық мәртебесі. Қоғамдық бірлестіктерді құру және тіркеу тәртібі. Қоғамдық бірлестіктер қызметінің шектеулері. Қоғамдық бірлестіктердің түрлері.

Саяси партиялар, олардың құқықтық жағдайы. Қазақстан Республикасындағы көппартиялық жүйенің қалыптасуы. Саяси партияларды құру және тіркеу тәртібі. Саяси партиялар қызметінің шектеулері. Саяси партиялар қызметін тоқтатудың негіздері және тәртібі. Қазақстан Республикасындағы саяси партиялардың түрлері.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің саяси партияға мүшеліктерін шектеу.

IV Тарау. Қазақстан Республикасындағы адам және азамат құқықтық мәртебесінің негіздері

7-тақырып. Қазақстан Республикасының азаматтығы

Азаматтық ұғымы, оның принциптері және құқықтық салдарлары.

Азаматтық мәселелерін құқықтық реттеу. Халықаралық құқықтың ішкі заңнамадан басымдылығы.

Азаматтықты алу тәсілдері: тану, туу, натурализация (қабылдау). «Қан құқығы» және «топырақ құқығы» принциптері, олардың Қазақстан Республикасында қолдану ерекшеліктері. Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдамау негіздері. Азаматтықты жеңілдетілген тәртіппен алу. Балалардың азаматтық алу ерекшеліктері. Азаматтықты алудың өзге де тәсілдері.

Азаматтықты тоқтату негіздері: азаматтықтан айырылу, азаматтықтан шығу. Азаматтықтан шығуға қарсылық негіздері. Азаматтықтан айырылу негіздері.

Азаматтық мәселелері бойынша іс жүргізу. Азаматтық мәселелерін қарау бойынша мемлекеттік органдар өкілеттіктері.

8-тақырып. Жеке адам құқықтық жағдайының конституциялық негіздері. Адамның және азаматтың негізгі құқықтары, бостандықтары мен міндеттері

Жеке адамның құқықтық жағдайының ұғымы, оның элементтері. Жеке адамның құқықтық жағдайын нормативтік реттеу. Адам құқықтары туралы мәселелер бойынша халықаралық келісімдер және ішкі заңдар.

Жеке адамның құқықтық жағдайының принциптері. Құқықтар мен бостандықтар бірегейлігі. Азаматтардың заң алдындағы теңдігі. Жеке адам және азаматтың негізгі құқықтарының мызғымастығы мен басымдылығы.

Қазақстан Республикасындағы адам және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтары, олардың заңдық сипаттамасы. Адам құқықтары мен бостандықтарын бекітудің позитивті және негативті тәсілдері.

Адамның құқықтары мен бостандықтары, олардың мазмұны және конституциялық бекітілуі. Азаматтың құқықтары мен бостандықтары, олардың мазмұны және конституциялық бекітілуі. Адамның құқықтары мен бостандықтарын топтау. Жеке құқықтар мен бостандықтар. Саяси құқықтар мен бостандықтар. Экономикалық құқықтар мен бостандықтар.

Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктері. Сотта қорғалу құқығы. Жеке адам құқықтары мен бостандықтарын шектеудің

конституциялық негіздері. Жеке адам құқықтары мен бостандықтарын шектеудің конституциялық негіздерінің кепілдіктері.

Қазақстан Республикасы азаматтарының міндеттері, олардың мазмұны және конституциялық бекітілуі.

Қазақстан Республикасы азаматтарының, шет ел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың құқықтық мәртебесіндегі айырмашылықтар. Қазақстан Республикасындағы шет ел азаматтарының құқықтық жағдайы. Шет ел азаматы мен азаматтығы жоқ адам ұғымдары.

V Тарау. Қазақстан Республикасындағы сайлау құқығы және референдум

9-тақырып. Қазақстан Республикасындағы сайлау

Сайлау құқығы, оның мазмұны. Объективті сайлау құқығы. Субъективті сайлау құқығы. Қазақстан Республикасындағы сайлау құқығының құқықтық негіздері.

Сайлаудың маңызы және түрлері. Белсенді және бәсең сайлау құқығы, олардың берілу шарттары. Президент, Сенат депутаты, Мәжіліс депутаты, мәслихат депутаты, жергілікті өзін-өзі басқару мүшесі лауазымына кандидаттарға қойылатын сайлау талаптары.

Сайлаудың конституциялық принциптері. Жалпыға бірдей сайлау. Тең сайлау және оның кепілдіктері. Төте және жанама сайлау.

Бірмандатты округтер. Біртұтас көпмандатты мемлекеттік округ. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлау бойынша көпмандатты округтер. Округтерге қойылатын талаптар және олардың құрылу тәртібі. Сайлау комиссиялары, олардың түрлері, өкілеттіктері және мәртебесі.

Сайлау жүйелері мен олардың түрлері: басым және салыстырмалы көпшілік мажорлық жүйесі, тепе-тең сайлау жүйесі.

Сайлау учаскелері, олардың құрылу тәртібі. Сайлаушылар тізімдері, оларды құру және тексеру тәртібі. Сайлау комиссиялары, олардың түрлері, қалыптасу тәртібі және қызметі.

Сайланатын қызметтерге кандидаттар ұсыну мен оларды тіркеу. Сайлауды қаржыландыру. Дауыс беруді өткізу тәртібі және оның нәтижесін анықтау. Қайта дауыс беру. Қайта сайлау мен қосымша сайлау.

Қазақстан Республикасының Президентін сайлау ерекшеліктері. Партиялық тізім бойынша Мәжіліс депутаттарын сайлау ерекшеліктері. Сенат депутаттарын сайлау ерекшеліктері. Мәслихаттар депутаттарын сайлау ерекшеліктері. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау ерекшеліктері.

10-тақырып. Республикалық референдум

Референдум ұғымы. Референдум маңызы, оның жетістіктері мен кемшіліктері. Референдумның құқықтық реттелуі. Референдум тақырыбы. Референдум талқысына жатпайтын мәселелер. Референдум салдары. Референдумның бүкілхалықтық сұрау мен бүкілхалықтық талқылаудан айырмашылығы.

Референдумды тағайындау бастамасы және оның субъектілері. Парламенттік бастама. Үкіметтік бастама. Референдумды тағайындау және дауыс беруге шығарылатын мәселелерді анықтау тәртібі.

Референдумды өткізу шаралары. Референдум комиссиялары. Бюллетень нысаны. Референдум нәтижелерін анықтау тәртібі.

Республикалық референдум шешімдері, олардың заңдық күші.

VI Тарау. Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының конституциялық жүйесі

11-тақырып. Қазақстан Республикасы Президентінің құқықтық жағдайы

Қазақстан Республикасындағы президентура институтының қалыптасу тарихы. Президентура институтының ұғымы. Қазақстандағы президенттік басқару нысанының ерекшеліктері.

Президент – мемлекет басшысы, Қазақстан Республикасының ең жоғарғы лауазымды тұлғасы. Мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі Қазақстан Республикасы Президентінің орны мен рөлі.

Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттіктерін тоқтату негіздері. Президентті қызметтен кетіру негіздері мен тәртібі. Президенттің қызметтен мерзімінен бұрын босатылуы. Қазақстан Республикасы Конституциясының 48-бабына сәйкес Президент қызметін орындайтын лауазымды тұлғаның мәртебесі.

Президент өкілеттіктері: сыртқысаяси өкілеттіктер; мемлекеттің қорғаныс қабылеті мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы өкілеттіктер; заң шығару саласындағы өкілеттіктер; Парламентке қатысты өкілеттіктер; Үкіметке қатысты өкілеттіктер; Конституциялық Кеңеске қатысты өкілеттіктер; соттар мен судьяларға қатысты өкілеттіктер; прокуратураға қатысты өкілеттіктер; Орталық сайлау комиссиясына қатысты өкілеттіктер; Ұлттық Банкке қатысты өкілеттіктер; әкімдерге қатысты өкілеттіктер; республикалық референдумға қатысты өкілеттіктер және өзге де өкілеттіктер.

Қауіпсіздік Кеңесі; Қазақстан халықтарының Ассамблеясы және өзге де Президент жанындағы консультациялық-кеңесші органдар.

Президент актілері. Олардың заңдық күші, жариялау және күшін жою тәртібі.

Президенттің абыройы мен ар-намысын қорғау, оның қызметін материалдық қамтамасыз ету.

Президенттің қызметін қамтамасыз етуші органдар. Мемлекеттік хатшы. Президент Әкімшілігі.

Қазақстан Республикасы Экс-Президентінің және Тұңғыш Президентінің құқықтық жағдайлары.

12-тақырып. Депутаттардың құқықтық жағдайы

Депутаттың құқықтық жағдайын нормативтік реттеу. Халықтық өкілдік ұғымы. Қазақстан Республикасы Парламенті депутатының конституциялық-құқықтық мәртебесі. Парламент депутаты қызметінің негізгі принциптері. Мәслихат депутатының конституциялық-құқықтық мәртебесінің Қазақстан Республикасы Парламенті депутатының конституциялық-құқықтық мәртебесінен айырмашылығы.

Депутаттың Парламент және мәслихат сессияларындағы құқықтары мен міндеттері. Депутаттық сауал. Парламент депутаты қызметінің қамтамасыз етілу жүйесі. Депутаттардың бақылау бойынша өкілеттіктері.

Депутаттық өкілеттіктердің тоқтатылу негіздері.

Депутаттық қызметтің негізгі кепілдіктері. Депутатқа ешкімнің тиіспеуі. Депутаттардың материалдық, қаржылық және әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз етілуі. Депутаттардың парламенттік этика мен тәртіпті бұзғаны үшін жауаптылығы.

13-тақырып. Қазақстан Республикасы Парламентінің конституциялық-құқықтық мәртебесі

Парламентаризм ұғымы, оның Қазақстан Республикасында қалыптасуы. Парламентаризм принциптері. Қазақстандық парламентаризм ерекшеліктері.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдар жүйесіндегі Парламент, оның маңызы және негізгі қызметтері. Парламенттің Президент және Үкіметпен өзара қарым-қатынастары. Парламентті тарату шарттары.

Парламенттің қос палаталы құрылымы, оның ерекшеліктері. Сенат және Мәжілістің қалыптасуы, құрамы, өкілеттік мерзімдері. Ротация және оның маңызы. Палаталардың төрағалары мен олардың орынбасарлары. Бюро – Палатаның үйлестіруші органы. Парламенттің жұмыс органдары ретіндегі Парламент палаталарының комитеттері мен комиссиялары. Партиялық фракциялар мен депутаттық топтар.

Парламенттің құқық шығарушылық саласындағы құзыреті. Парламенттің салық пен бюджет мәселелері бойынша құзыреті. Парламент пен оның Палаталарының кадрлар және бақылау бойынша өкілеттіктері. Сенаттың ерекше құзыреті. Мәжілістің ерекше құзыреті. Парламент Палаталарының бірлескен құзыреті.

Парламент актілері, олардың сипаттамасы.

Парламент пен оның Палаталарының өкілеттіктерін тоқтату негіздері.

14-тақырып. Парламент қызметінің ұйымдастырылу түрлері

Қазақстан Республикасындағы Парламент өкілеттіктерін жүзеге асыруды ұйымдастыру түрлері.

Парламент сессиялары: оларды дайындау, шақыру және өткізу тәртібі. Кезекті және кезектен тыс сессиялар. Парламент және оның палаталарының Регламенттері.

Парламент Палаталарының бірлескен және бөлек отырыстарындағы қаралатын мәселелер.

Заң шығару процесі және оның сатылары. Заң шығару бастамасының субъектілері. Үкіметтің қаржылық бастамасы. Заң жобаларының жемқорлыққа қарсы сарапталуы.

Парламент және Палаталардың комитеттері мен комиссияларының қызметі, олардың заң шығару процесі және парламенттік тыңдаулардағы рөлі.

Президенттің заңдарға қарсылығы (вето). Президенттің заңдарға қарсылығын (вето) еңсеру тәртібі.

Парламент Аппараты, оның құрылымы және құзыреті.

15-тақырып. Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қазақстан Республикасындағы атқарушы билік: ұғымы, мәні, негізгі белгілері. Мемлекеттік билік жоғары органдарының жүйесіндегі Қазақстан Республикасының Үкіметінің орны мен рөлі. Үкімет Қазақстан Республикасындағы атқарушы биліктің жоғары органы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылу тәртібі, құрылымы және құрамы. Үкіметтің өкілеттік мерзімі. Үкімет отставкасы мәселелері.

Үкімет құзыреті, оның заңдылықты, құқықтық тәртіпті, ішкі істер органдарына басшылықты қамтамасыз ету саласындағы өкілеттіктері.

Үкіметтің Республика Президенті және Парламентімен өзара қарым-қатынастары.

Министрліктер, агенттіктер және комитеттер: құрылу тәртібі, есеп беруі, құзыреті және жауаптылығы.

Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдар.

Үкімет актілері, оларды қабылдау, жою және жариялау тәртібі.

Үкімет Аппараты: құрылымы, өкілеттіктері.

16-тақырып. Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдар жүйесіндегі жергілікті өкілді органдардың орны мен рөлі. Жергілікті өкілді органдардың қызметі. Жергілікті өкілді органдардың жүйесі және құрылымы. Мәслихат хатшысы. Мәслихаттардың тұрақты комиссиялары. Сессия төрағасы.

Мәслихаттар құзыреті. Мәслихаттардың қаржылық, бюджеттік және бақылау өкілеттіктері.

Жергілікті өкілді органдар қызметінің ұйымдастырылу-құқықтық нысандары. Сессияларды дайындау және өткізу тәртібі. Мәслихат регламенті. Тұрақты комиссиялар қызметі. Депутаттық топтар.

Жергілікті атқарушы органдар, олардың жүйесі және құрылымы. Әкімшіліктер және олардың құзыреттері. Әкімдерді тағайындау және орнынан алу тәртібі, олардың есептілігі мен жауаптылығы. Әкім жанындағы алқалар мен кеңестер. Әкімге бағынышты жергілікті атқарушы органдар.

Жергілікті атқарушы органдар құзыреті. Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың заңдылық пен құқықтық тәртіп саласындағы құзыреті. Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың ішкі істер органдарымен өзара қарым-қатынастары.

Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының Президентімен, Парламентімен, Үкіметімен өзара қарым-қатынастары. Мәслихаттардың жергілікті атқарушы органдармен қарым-қатынасы, олардың бірлескен қызметі және олардың арасындағы қарама-қайшылықтарды реттеу тәртібі. Мәслихаттарды тарату негіздері мен тәртібі. Мәслихат тарапынан әкімге сенімсіздік білдіру және оның салдарлары.

Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың актілері, олардың түрлері (шешімдер, өкімдер), күшін жою негіздері мен тәртібі.

Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару.

17-тақырып. Мемлекет механизміндегі сот органдары мен құқық қорғау органдары

